bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Жер сфералары дегеніміз не?

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.03.2020 | https://bilimger.kz/70185/ |

Бертлеуова Рахила Хансултановна.

| | | |
|---|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу. | |
| **Бағалау критерийі** | Жер қабықтарын біледі; Жердің әр қабығы неден құралатынын анықтайды;<br>Диаграмма көмегімен бейнеленген Жер сфераларының ерекшелігін түсіндіреді. | |
| **Тілдік мақсат** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер**:<br>Сфера, литосфера, биосфера, гидросфера, атмосфера. | |
| **Құндылықтар** | Оқушыларды өзара құрмет көрсетуге, бір біріне түсіністікпен карауға тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, ағылшын тілі, | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Таныстырылым, интербелсенді тақта | |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | 2-сыныптан Күннің пайдасы мен зияны, Жердің табиғи серігі, Күн жүйесінің ғаламшарлары мен ғарыштағы уақыт пен арақашықтықтың ерекшелігі туралы біледі. | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Сабақта жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>5минут | **Ұйымдастыру**<br>Психологиялық жағымды көңіл-күй ахуалын туғызу<br>**Жедел жауап.** «Кемпірқосақ ашылды» әдісі арқылы оқушылардан өткен тақырыптарды еске түсіру. Сұрақтарды кезек-кезек алу. Сұрақтар:<br>-Күн сәулесі туралы не айта аласың?<br>-Жердің табиғи серігі бар ма?<br>-Қандай ғаламшарларды білесіңдер?<br>-Біз қандай ғаламшарда өмір сүреміз?<br>-Жанды табиғат пен жансыз табиғаттың айырмашылығы неде деп ойлайсыңдар?<br>-Біз жануарлар туралы не білеміз?<br>-«Өсімдіктер адам өмірі үшін маңызды» деген пікірге сенің ойың қандай?<br><br>**ҚБ** мұғалімнің ауызша қалыптастырушы бағалауы жүргізіледі және жалаушалармен марапатталады. | Кемпірқосақ суреті салынған плакат<br>Слайд №2<br><br><br><br>**жалаушалар** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>5 минут<br><br><br><br>2 минут<br><br><br><br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>8 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>1мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3минут<br><br><br><br>2 минут | Оқушыларды  суреттер бойынша 4 топқа бөлу. Қабырғадағы суреттерде жер қабаттарын бейнелеу. Топ мүшелерінің мақсаты берілген сурет бойынша өз ойларын ортаға салу.  Бір-біріне толықтырулар жасау.<br><br>**Сабақ тақырыбы мен оқу мақсатын хабарлау**<br><br>**Мұғалім түсіндірмесі**<br>Оқулықтың 19-бетіндегі оқу материалы негізінде түсіндіріледі.<br><br>**Оқулықпен жұмыс**<br>**Жер қабықтары.**<br>Мақсаты: Жердің төрт қабықтан тұратынын және олардың атауларын түсінеді. Оқулықтағы сурет жайлы айта отырып, оқушыларды бұл жердің төрт қабаты екенін түсінуге бағыттау.<br><br>Суреттерді басшылыққа ала отырып, сұрақтар қою.<br>—	Неге біз суреттер бойынша төрт топқа бөліндік деп ойлайсыңдар?<br>—	Жер қабықтары қайда орналасады деп ойлайсыңдар?<br>—	Жердің неше қабығы бар?<br>—	Әр қабыққа қандай нысандар кіреді?<br>—	Жердің бірінші қабығында не орналасқан?<br>—	Биосфера өкілдері барлық Жер қабығында болуы мүмкін бе?<br><br><u>**Топтық жұмыс**</u><br>**1топ «Қай жерде орналасқан?»**<br>Суреттердің Жер қабығының қайсысында орналасқанын анықтайды.<br>**2 топ «Зертте»**<br>Пазлдарды Жер қабаттарының грекше атаулары мен оның әрқайсысында орналасқан нысандарға сәйкес болатындай етіп жинайды.<br>**3 топ**  «Сәйкестендір»<br>Жер қабығының атауларының қазақша, орысша, ағылшынша атауларын сәйкестендіреді.<br>**4 топ** «Толықтыр»<br>Нысандарды  сәйкесінше жер қабығының атауымен толықтырады.<br>**ҚБ**. Мұғалімнің ауызша қалыптастырушы бағалауы.<br><br>**Оқулықпен жұмыс**<br>**Ұ«Ойлан»** Тапсырманың мақсаты: Жер қабықтарының өзара байланысын және оларды графикалық түрде қалай белгілеуге болатынын түсіну.<br>Оқулықта берілген суретті диаграмманы талдап, келесі сұрақтарға жауап беру.<br>Сұрақтар:<br>—	Күн қай қабықта орналасқан?<br>—	Биосфера қабығында нелер бар?<br>—	Гидросфера қабығында нелер бар?<br>—	Литосфера қабығында нелер бар?<br>—	Бұл диаграмма неліктен бір-бірімен қиылысады?<br>—	Жер қабықтарының өзара бір-бірімен байланысы бар ма? Қалай ойлайсыңдар?<br>—	Ағаштың Жер қабықтарымен қандай байланыста болады?<br>**ҚБ.** Мұғалімнің ауызша қалыптастырушы бағалауы.<br><br>**Сергіту сәті.** Көз бұлшықеттерін арналған жаттығулар орындау. Сұрақтар:<br>—	Неге көзімізді сабақ барысында жаттықтыруымыз керек?<br><br>—	Көз күтімі жайлы не айта аласыңдар?<br><br>***Дәптермен жұмыс***<br><br>**9-жұмыс парағы. «Жер қабықтары неден тұрады?», 11-б.**<br>**Жер қабықтарының сипаттамалары.**<br>Сабақта таныстырылған тірек сөздерді бекітуге арналған тапсырма. Оқушылар сөйлемдегі бос орындарды толтырады.<br>**Бағалау.** Дескриптор:<br>Оқушылар:<br>-Жердің ауа қабатын біледі;<br>-Биосферада тірі ағзалар мекендейтінін түсінеді;<br>-Жердің қатты қабығын біледі;<br>-Жердің су қабығын біледі.<br>**Қабықтағы нысандар.** Тапсырма Жер қабықтары туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Жер қабықтарына қатысты нысандарды тауып, бояйды. Артық суреттерді қоршап сызады.<br>**10-жұмыс парағы. «Жер қабықтары», 12-б.**<br>**Дұрыс-бұрыс.**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған тапсырма. Жер қабықтары туралы тұжырымды оқиды, оның дұрыс не бұрыс екендігін анықтайды.<br>**Бағалау.** Дескриптор:<br>Оқушылар:<br>-Жер сфераларын біледі;<br>-Жер қабықтарына байланысты дұрыс тұжырымды ажырата алады.<br>**ҚБ.** Мұғалімнің жазбаша қалыптастырушы бағалауы. | Қима суреттер<br>Слайд №3<br><br><br><br>Слайд №4<br><br>Слайд №5,6,7,8,9<br><br>Оқулық<br><br><br><br><br><br>Слайд №10<br>Жалаушалар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Суреттер<br>Тапсырма жазылған парақшалар<br><br>Жалаушалар<br><br><br><br><br><br><br><br>Оқулық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Слайд №11<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>https://www.youtube.com/watch?v=_lx7d4eIkVE<br><br><br><br><br><br><br><br>Дәптермен жұмыс<br>Слайд №13<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Слайд №14<br><br><br><br>Слайд №15 |
| | Үйге тапсырма беру<br>Оқулық.18-19 бет . Оқу материалымен танысу.<br>Дәптер 12 бет. 2-тапсырманы орындау<br><br>Кері байланыс.<br>**«Рефлексиялық нысана» әдісі**<br>Бүгінгі сабақ бойынша өз жұмыстарын қорытындылайды, іс- әрекетіне баға береді. | Рефлексия-лық нысана |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>5 минут<br><br>- | |
| **Рефлексия** | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.